

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ МИНИСТРЛІГІ

«Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»
XIX Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XIX Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**PROCEEDINGS
of the XIX International Scientific Conference
for students and young scholars
«GYLYM JÁNE BILIM - 2024»**

**2024
Астана**

УДК 001

ББК 72

G99

«ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» студенттер мен жас ғалымдардың XIX Халықаралық ғылыми конференциясы = XIX Международная научная конференция студентов и молодых ученых «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024» = The XIX International Scientific Conference for students and young scholars «ǴYLYM JÁNE BILIM – 2024». – Астана: – 7478 б. - қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-601-7697-07-5

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001

ББК 72

G99

ISBN 978-601-7697-07-5

**©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2024**

1. Аскольдов С.А. Концепт и слово. Русская словесность. От теории словесности к структуре текста. Анталогия. 1997.
2. Данилов С.П. Талылыбыт айымнылар: үс томнаах. Т. 3. Хоһооннор. 1985.
3. Цримова З.А. Концепт "сердце" в языковой картине мира: На материале кабардинского, русского и английского языков. 2003.
<https://www.dissercat.com/content/kontsept-serdtse-v-yazykovoi-kartine-mira-na-materiale-kabardinskogo-russkogo-i-angliiskogo->
4. Сивцева-Максимова П.В. Лирика Семена Данилова: аксиология концептуальных образов. 2015.
<https://dergipark.org.tr/tr/download/article-file/925728>

ӘОЖ 12.14

М.ДУЛАТУЛЫНЫҢ «ҚИРАҒАТ» КІТАБЫНДА ӘДЕБИЕТ ЖӘНЕ ӘДІСТЕМЕ МӘСЕЛЕЛЕРІ

Игілік Жаннұр,

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «М060 – Филология» БББ 2 курс магистранты

zhannur.igilik@bk.ru

Ғылыми жетекші: ф.ғ.к., қауым. проф. Қ.Р. Кемеңгер

1917 жылғы Қазан төңкерісінен кейін орын алған оқиғалар мен әртүрлі әлеуметтік қарама-қайшылықтың болғанына қарамастан, сол кезеңде білім және әдеби-мәдени салада елеулі жұмыстар жүргізіліп жатты. Кеңес өкіметі құрылған алғашқы жылдардан бастап-ақ оқу-ағарту ісі дұрыс жолға қойылып, балалар үшін мектептер ашумен бірге, оларға арналған оқулықтар, әдебиеттер даярлау және оны басып шығару ісі қайта қолға алына бастады.

XX ғасыр басында балалар әдебиетінің тууы мен оның өркендеуіне әсер еткен дүниелердің бірі — жоғарыда айтылған оқу-ағарту жұмыстарының және баспа ісінің дамуы болды. Алғашқыда мектеп жасындағы балаларға арналып әліппе, тілашар, тіл құралдары жарық көрді. 1920-30 жылдары жаңадан ашылып жатқан оқу орындары мен мектептерге арналған оқулық, нұсқаулықтар жарық көре бастады. Қазақ зиялыларының көрнекті өкілдері — Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынұлы, Ж.Аймауытұлы, М.Дулатұлы, Х.Досмұхамедұлы, Е.Омарұлы, М.Жұмабайұлы, С.Сейфуллин, Б.Майлин, Қ.Кемеңгерұлы, М.Әуезов және өзге де тұлғалар ғылымның әрбір саласында елеулі қызмет етті. Атап айтқанда олар мәдениеттің тек бір бағытында емес, ақындық пен жазушылықтан бөлек, аудармашы да, сыншы да, тіпті драматург ретінде де қызмет етіп, көптеген еңбектер қалдырды.

Балалар әдебиетін тәрбие құрал деп атаған М.Горький балалар жазушысы жайында: «Балалар жазушысы басқалардан гөрі сапалырақ жазуы қажет. Әдебиеттің бастау қайнары әрі жас оқырманды әдебиетке әкелетін туындылардың сапасыз болуға хақы жоқ» [1] дейді. Қазақ балалар әдебиетінің бастауында тұрған жазушылар қатарында Алаштың ардақтылары мен олардың шәкірттері болды. Осы ретте қазақ балалар әдебиетіне елеулі еңбек сіңірген, алғашқылардың бірі болып балаларға арналған жинақ құрастырған М.Дулатұлының «Қирағат» хрестоматиясын талдаған жөн. Қазақ балалар әдебиетінің атасы Ы.Алтынсариннің 1979 жылғы «Қазақ хрестоматиясы» еңбегінен кейін жарық көрген көлемді еңбектердің бірі ретінде М.Дулатұлының «Қирағаты» аталады. Сондықтан да алаш кезеңі балалар әдебиетінде іргелі орын алған маңызын жоғалтпақ емес. Аталған оқу құралды толық талдау арқылы XX ғасыр басындағы балалар әдебиеті мен ағартушылықтың негізгі бағыттарын айқындауға болады.

1916 жылы М.Дулатұлының «Қирағат» атты бастауыш мектепте екі жыл оқитын оқу құралы алғаш рет жарыққа шықты. Аталған еңбек 1924 жылы «Оқу құрал» деген атпен хрестоматиялық оқулық болып жаңартылған нұсқада жарияланды. Еңбектің алғысөзінде: «Бастауыш мектепте екінші жыл оқылатын қирағат кітабы» [2, 11 б.] деген автордың

ескертпесі жазылған. Жинаққа халық ауыз әдебиеті үлгілерінен өзге қазақ ақын-жазушыларының тәрбиелік тағылымы мол өлең, әңгіме, мысалдары енді. Атап айтсақ, Абай Құнанбайұлының «Шегіртке», «Қарға» аударма мысалдары мен жыл мезгілдеріне арналған «Жаз», «Күз», «Жазғытұры» және «Қыс» өлеңдері, Ахмет Байтұрсынұлының «Қасқыр мен козы», «Қайырымды түлкі», «Маймыл», «Аққу, шортан һәм шаян», «Өгіз бен бақа», «Қасқыр мен мысық», «Бұлбұл мен есек», «Шыжбық пен көгершін» сынды аударма мысалдары, Ыбырай Алтынсарыұлының «Жаз», «Кел, балалар, оқылық!» және «Өнер-білім» өлеңдері, М.Дулатұлының «Шешенің балаларын сүюі», «Мектепке», «Мектептен», «Аяңыздар жетімді» атты өлеңдері мен бірнеше шағын әңгімелері, М.Жұмабайұлының «Туған жер», «Жазғытұры» атты өлеңдері жинаққа енді. Сонымен қатар «Марламқаш», «Дүмпілдек», «Айкұлак» сынды әдістемесін өзі жазып, автордың құрастыруымен шыққан ұлттық ойындардың балаларды қызықтырмауы мүмкін емес.

М.Дулатұлының бұл еңбегі «Мұғалімдерге» деген арнайы алғы сөзбен басталып, А.Байтұрсынұлының «Жол басы» атты өлеңі беташар ретінде берілген. «Мұғалімдерге» бөлімінде автор мектепке қажетті кітаптардың орнын толтырмаса да, аталған хрестоматия қазақ балаларына білім беріп, оларды тура жолда тәрбиелеуге үлкен үлескер бола алатынын ескертеді. Міржақып ұстаздарды «Сүйікті қазақ мұғалімдері!» деп атап отырып, оларға «Қирағат» кітабын мектепте қолдану әдістемесін атап, жөн сілтейді.

Осылай бастау алған жинаққа басылған әрбір шығарма — қазақ зиялыларының тырнақалды туындылары. Жинақ балалардың түсінуіне ыңғайлы болуы үшін жеңіл тілде жазылған. Алайда тілінің жеңілдігіне қарамастан, берер тағылымы мол туындылар болды. Мысал ретінде М.Дулатұлының «Мектепке» атты өлеңін алып қаралық:

Ашық күнде жарқырап,
Жаңа жауған жатыр қар.
Домбықтырып беттерін
Адамдардың тұр ызғар.
Жатырсыңдар неге ұйықтап?
Күн шығып қалды, балалар,
Таңертеңгі аязбен
Мектебіңе жөнел, бар [2, 22 б.], —

деген екі-ақ шумақ өлеңі балаларға үндеу ретінде жазылғандай. Аз сөзбен көп мағына беріп тұрған өлеңде қарсы алдыңнан қасқайып шығатын қандай қиындық болса да мойымай, тек оқу-білімге, ізденуге құмар болу қажеттігі жайында айтылатындай. «Жатырсыңдар неге ұйықтап, Күн шығып қалды, балалар» деген өлең жолдарынан-ақ туындының нақты балаларға арнап жазылғандығын көреміз. Қыс мезгілі жайлы бірде-бір сөз айтылмағанмен, әсерлеп, айшықтап жеткізген өлең жолдарынан қыс мезгілінің сипаты көрінеді.

Бұдан бөлек «Мектепке» өлеңін ғалым А.Рүстемова өзінің «Қазақ балалар әдебиеті» атты жинағында талдап өтеді. Ғалым «Мектепке» өлеңіне байланысты пікірін былай деп келтіреді: «Оян, қазақтың» авторы бұл жерде де ұйқыдан ояту идеясына адал. Өлеңдегі символиканың мәні — жаңа жауған қар өмірдің әдемілігін, ызғар өмірде кездесіп тұратын әртүрлі қиыншылықты, шыққан күн мезгілді, сәтті білдірсе, таңертеңгі ызғар алдыңнан шығар қиыншылық ұғымын білдіреді. Алайда қиыншылыққа қарамастан, тек алға ұмтылу жайын, сабақты инені сәтімен пайдалану жағын айтады» [3, 138 б.]. Осы жинақ арқылы М.Дулатұлының бірқатар туындыларындағы балаларға арналған ағартушылық шығармалардың маңыздылығын айшықтай түсті.

Балаларды оқу-білімге шақыру идеясын көтерген ақын өлеңдерінің бірі — «Мектептен» өлеңі. Екі өлеңі де оқушы балаларды білім алуға, ізденімпаз ұрпақ болуға тәрбиелейтіндей. Бұл өлеңі «Мектепке» өлеңінен сипаты мен құрылымы жағынан да ерекшеленеді. Мәселен, өлеңінде ақын мектептен келе жатқан балалардың бейнесін былайша сипаттайды:

Мектептен қайтып балалар
Қызарып беті суықтан.

Үй алдында Майлыаяқ
Жатыр еді суықтан.
Құйрығын бұлғап еркелеп
Қылды ықылас шындықтан.
Күліп шулап, кірсе үйге,
Самауыр тұр бу шыққан.
Тойып алып тамаққа,

Балалар жатып тыныққан [2, 23 б.], —

деген өлең жолдарынан мектептен, білім ордасынан қайтып келе жатқан балаларға үлкен ықыласпен қарайтынын байқауға болады. Осы өлеңнің мағынасын қазақтың «Еңбек етсең ерінбей, тояды қарның тіленбей» деген мақалымен қорытындылуға болады. Кішкентай ғана өлең қазақтың даналығынан, тәлім-тәрбиесінен хабар береді.

Хрестоматияда осы екі өлеңнен өзге оқу-білімге деген құштарлықты, көзі ашық, көкірегі ояу өскелең ұрпақты ізденіс жолына үгіттеуді көрсететін жыр жолдарын Б.Алтынсариннің «Кел, балалар, оқылық!», «Өнер-білім» өлеңдерінен, А.Байтұрсынұлының «Оқуға шақыру» өлеңінен кездестіруге болады. Автордың қазақ балалар әдебиетінің атасы Б.Алтынсарин мен ұлт ұстазы А.Байтұрсынұлының өлеңдерін жинаққа енгізуі — өзінің «Оян, қазақ!» идеясының бөлшегі іспеттес әдеби мұраларды дәріптеуі, аталған авторлардың шығармашылығы жайлы жоғары пікірде болуынан екені мәлім. Қазақтың маңдайына біткен тұлғалардың халқын оқу-білімге шақыру идеясын М.Дулатұлы өзінің жинағында жаңғырта түсті. Жинаққа автор тек өзінің емес, өзге де қазақ зиялыларының туындыларын қосты. Ол өз жинағының көлемін ұлғайту мақсатында емес, өз идеяластарының туындыларын қайта жаңғыртып қана қоймай, оқу-білімнің, ізденістің бала үшін маңызды қадамдардың бірінен екенін аңғарту мақсатында аталған өлеңдерді қосқан.

Сондай-ақ балалардың жыл мезгілдері жайлы түсініктерін кеңейту мақсатында жинағына Абайдың «Жазғытұры», «Жаз», «Күз», «Қыс» өлеңдері, Ыбырайдың «Жаз» өлеңі, М.Жұмабайұлының «Жазғытұры» өлеңдерін кіргізуде өзіндік мән жатыр. Мектеп жасындағы балалардың жыл мезгілдері жайлы түсініктерін кеңейту, жыл мезгілдерінің ерекшеліктерін айшықтай түсу негізге алынған. Жоғарыдағы жыл мезгілдеріне арналған өлеңдерден бөлек автор тарпынан қара сөзбен жазылған жыл мезгілдері жайлы әңгімелер жинаққа енген. Бұл өлеңдерден автор әңгімелерінің ерекшелігі — қара сөзбен суреттелуінде, халық тұрмысын дәлме-дәл жеткізуінде жатыр.

Жинаққа енген әңгімелер қатарына тоқталар болсақ, автордың «Жазғы кеш», «Қасқыр қысты қалай өткізеді?», «Үй жануарлары», «Жаз», «Күз», «Қыс», «Шілде» және т.б. әңгімелері енген. Тілі жеңіл, бала ұғымына лайықталып жазылған әңгімелердің артықшылығы да осы. Міржақып әңгімелерінде сүреңсіз мезгіл, қақаған қыс туралы айтылса, мұндай табиғат құбылыстарының болу себебі де айқын көрсетіледі. Осындай мәні мен мағынасы, себебі мен салдары толықтай көрсетіліп, ұғынықты тілдегі әңгімелері — танымдық мақсатпен жазылған туындылар.

Хрестоматиялық оқулыққа танымдық мақсатта енген шығармалардың бір бөлігі жан-жануарлардың түр-сипаттарын, олардың тіршілігі мен қоршаған ортаға бейімделуін сипаттайтын әңгімелер тобын құрайды. Мұндай мазмұндағы әңгімелер жануарлардың адамға тигізер залалын немесе пайдасын да атап көрсетеді. «Бұғы», «Кит», «Піл» атты әңгімелерінде бұғы терісінің, оның еті мен сүтінің пайдасын, пілдің адамға қызмет қылудан шаршамайтынын, ал китті адамдар майына бола аулайтындығын түсіндіреді. Жоғарыда аталған әңгімелер сипаттау түрінде жазылған болса, «Қасқыр қысты қалай өткізеді?», «Қоян» әңгімелерінде хайуандардың бір күндік өмірі толықтай суреттеледі. «Қоян» әңгімесі хайуан өмірін сипаттайтын әңгіме болғанмен, ел тұрмысы, әңгімеде халық мінезі байқалатын тұстар бар. «Қатындар суға жөнеліп, еркектер жұмыстарына қарап, балалар да жылап шулай бастады. Жүкшілер жолға шығып қалған екен. Ал қоян ше? Біздің қоян қайтадан жүтіріп ініне келіп, екі құлағын арқасына салып, екі көзін бадырайтып ашқан қалпыменен ұйықтап қалды» [2, 87 б.]

деген жолдардан халық тұрмысының қат-қабат тіршілігі ештеңеге аялдамастан жүріп жатқанын, ал қоянның күндік тірлігі толықтай суреттелгенін байқауға болады.

Автордың хайуанаттар жайлы әңгімелері олардың тұрмысын, қоршаған ортамен байланысын суреттеумен ғана шектеліп қалмайды. Танымдық сипатта жазылған әңгімелер тәлім-тәрбиеден де хабар береді. Мысалы, «Қасқыр қысты қалай өткізеді?» әңгімесінде халқымыздың алқам-салқам мінездерін тұспалдау басым көрінеді. Әңгімеде сорлы қасқырдың жалғыз үміті бекітусіз жатқан қорада немесе күзетсіз жатқан жылқыда болатындығы тілге тиек етіліп, әңгіме астары ит-құстан абай болу қажеттігінен, мал-жаныңа жауапкершілікпен қарау керектігінен хабар береді.

Жан-жануарлар тұрмысынан, хайуандар өмірінен хабар беретін әңгімелерімен қоса автор А.Байтұрсынұлының аударма мысалдарын да енгізеді. Бала ұғымындағы жануарлар жайлы түсінікті кеңейту мақсатында балаларға арналған мысалдарды ұсынуында да сыр бар. Танымдық сипаттағы А.Байтұрсынұлының аударма мысалдары тек хайуандар өмірін бейнелеумен шектеліп қалмайды. Қазақ тұрмысын, сол кезең жағдайын толық суреттейтін мысалдарының көпшілігі қорытынды түйінмен аяқталады. Мысалдарының барлығы дерлік қаратпа сөз жасырын тұруымен ерекшеленеді. А.Байтұрсынұлы мысалдарында заман шындығынан хабар беріп қана қоймай, автор ойын да тұспалдау арқылы жеткізеді. Мәселен, «Қасқыр мен қозы» мысалында:

Қасқырдың зорлық болды еткен ісі,
Ойлаймын оны мақтар шықпас кісі.
Нашарды талай адам талап жеп жүр,
Бөріден артық дейміз оның несі [2, 71 б.], —

дейді. Мысалдан зорлық еткен қасқыр деп билік басындағыларды ашық сынап, кедейлер мен әлсіздерді басынатын жауыздарды меңзеп тұрғанын байқауға болады. Сондай-ақ бұл мысал қасқырдың аң ретіндегі табиғатын анық бейнелеп тұр.

М.Дулатұлының хрестоматиялық жинаққа А.Байтұрсынұлының осы сарындас мысалдарын енгізудегі мақсаты — қазақ балаларының жан-жануарлар жайындағы ұғым-түсініктерін кеңейту ғана емес. Шындығында, А.Байтұрсынұлы мысалдарынан алар үлгі-өнеге, тәлім-тәрбиенің молдығы, мысал арқылы өмірде орын алған түрлі ситуацияларды көрсете білуі балалар түсінігіне лайықталған туындылар болғандығынан.

М.Дулатұлының жинаққа енгізген шығармалар шоғырынан бөлек математика саласына да көңіл бөлгені аңғарылады. Жинақта «Әуелгі онның ішіндегі сан», «Бірден онға шейін санау» секілді бөлімдер Міржақыптың ұстаздық өмірмен тығыз байланыста болғанын, оқушыларға өзі үйрете жүріп, көптеген мұғалім қауымына арнап балаларға есепті үйрету жолдарын жазған. Жан-жақты тұлғаның осы бір әрекеттерінен педагогикалық көзқарастары мен ұстанымы жайында жазылған теорияшыл педагог, тәжірибеші педагог және өз ісінің жаңашыл педагогы деген пікірлердің дұрыстығына көз жеткіземіз [4, 94 б.].

Оқу құралдың балалардың назарын аударарлық тағы бір тұсы — «Балаларға базарлық» деп аталатын бөлімі. Бөлімге қырғыз ойыны «Дүмпілдек», балалар ойыны «Марламқаш» пен «Ай-кұлақ», автордың «Шалдың үш баласы» атты ертегісі, «Қонаққәде» әңгімесі енген.

Қырғыздар ойыны «Дүмпілдекті» 7-8 жастан 20 жасқа дейін ойнауға болады делінген. Адам саны ең аз болғанда төртеу, ең көп болғанда он төрт адамнан аспауы қажет деп ойын ережесі де толықтай көрсетілген. Екі топқа бөлініп, әр топтың басшысы өз тобындағы балаларды қорғау қажеттігін еске алсақ, бұл ойынның қазақ баласын ұйымшылдыққа, бірлікке шақыратындығын айқын көруге болады. Мұндай ойындардың жинаққа енуі — көп жыл ұстаздық қызмет атқарған Алаш арысының өнегелі тәрбиеші болғандығының айқын дәлелі. Барлық ойындардың ережесін үтір-нүктесіне дейін қағаз бетіне түсіріп, оны баспасөз арқылы көпшілік қауымға ұсынуы автордың ұстаздық өмірінің бір қыры болып көрінеді.

Қорытындылай келе, М.Дулатұлының «Қирағат» кітабы қазақ мектептері тарихындағы құрал ретінде пайдаланылған озық оқулық болды. Еңбек әдістемелік жағынан да, танымдық сипаты мен мазмұны тұрғысынан да аса құнды материалдар жинағына айналды. Автордың жинағы өміршендігімен ерекшеленеді. Хрестоматияның өміршендігін дәлелдейтін

жағдайлардың бірі мынада деп білеміз. 1930 жылдары оқулық авторына ату жазасы бұйырылып, кейін Ақ теңіз жағалауына айдалып кеткен уақытта қайраткердің құнды мұрасы авторы көрсетілмеген түрде мектептер мен оқу орындарында қолданылып жүрді. Осындай жағдайлардың көптігі қазақ халқының тарихына деген адалдығын, бұл оқулықтың педагогика, математика, әдебиет салаларымен тығыз байланысты екенін аңғартады. Алаш баласының алғашқы оқулықтарының бірі болған «Қирағат» балаларға гигиена жайынан сөз еткен қазақ педагогикасындағы алғашқы еңбек болды. «Қирағат» қазақ оқушы қауымына арнап гигиена, әдептілік пен әдет, мінез-құлық жайында шарттарды жазған, сауат ашу, математика, сергіту сәті сынды педагогтық жоспардың барлығын толықтай қамтыған құнды еңбектердің бірінен танылды.

Қолданылған әдебиеттер тізімі

1. Горький М. О детской литературе, детском и юношеском чтении. – Москва.: Дет. Лит., 1989. – 222 с.
2. Дулатұлы М. Алты томдық шығармалар жинағы. 4-том: Ағартушылық бағыттағы еңбектері мен оқу құралдары. / Құраст.: Г. Дулатова, С. Иманбаева. – Алматы: Мектеп, 2013. – 344 б.
3. Рүстемова Ж.А. Қазақ балалар әдебиеті. Оқулық. – Қарағанды: ҚарМУ баспасы, 2009. – 280 б.
4. Қалкеева Қ.Р., Ахметова П.А., Бижанова Ғ.Қ. Қазақстандағы білім және педагогика ғылымдарының тарихы. Оқу құралы. – Арқалық: 2010. – 209 б.

ӘОЖ 82.1

КӨРКЕМ ӘДЕБИЕТТЕГІ ОТАРШЫЛДЫҚ ПЕН ӘЙЕЛ ТАҒДЫРЫ

Кәрімова Айнұр

ainurkarimova03@gmail.com

Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ, Филология факультеті,

«Қазақ тілі мен әдебиеті мұғалімдерін даярлау» тобының 3 курс студенті Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекші: ф.ғ.д., қауымд. проф. А.Ә.Үсен

М.Ю. Лермонтовтың «Біздің заман батыры» 1838-1840 жылдар арасында жазылған романы. «Біздің заман геройы» деп те аталып жүрген бұл роман орыс прзасындағы ең алғашқы лиро-психологиялық туынды болды.

Михаил Юрьевич Лермонтов – атақты орыс ақыны, жазушы, драматург және өз кезегінде суретші де болған. 1814 жылы 3 қазанда Мәскеу қаласында ақсүйектер отбасында дүниеге келген. Әкесі Юрий Петрович Лермонтов жаяу әске капитаны, әскери адам болған. Анасы Мария Михолайовнада әскери адамдар отбасында дүниеге келген. Жас ақын 1828-1830 жылдар аралығында Мәскеу қаласындағы ақсүйектер пенсионында тәрбиеленіп, кейін 1830-1831 жылдары Мәскеу қалалық оқу орынында білім алады. Лермонтов өмірінің ақындық кезеңдері де осы пенсионда бастау алып, алғашқы «Черкестер», «Кавказ тұтқыны» өлеңдерін дүниеге әкеледі. 1834-1837 жылдары Гусар полкінде әскери қызметтер атқарады. Лермонтовтың шығу тегі жайлы әр түрлі пікірлер бар, соның бірі бойынша Лермонтовтар тұқымы Шотландиядан шыққан және тұқым жартылай мифтік бард- пайғамбар Томос Лермонттан тараған деген де пікірлер бар. Осы шотландық тамырларына арнап Лермонтов 1831 жылы «Тілек» өлеңін арнаған. Жас кезінде Лермонтов өз шыққан тегін ХVІІ ғасырдың басындағы Испан мемлекет қайраткері Франсиско Лермамен байланыстырған. Ақынның бұл қиялдан туған ойлары Лерманың қиялдан шығарған портретінде және 1830 жылғы «Испандықтар» драмасында көрініс тапты.